

Өрел ауылдық округі елді мекендерінің көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Өрел ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 03 қаңтардағы N 01 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 31 қаңтарда N 5-13-106 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына сәйкес, Өрел ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере

Ш Е Ш Е М І Н :

1. Өрел ауылындағы көшелердің атаулары:
 - Предгорная көшесі – «Мерғазы Бекпау атындағы» көшесіне;
 - Школьная көшесі – «Оралхан Бөкей атындағы» көшесіне;
 - Речная көшесі – «Шоқан Уалиханов атындағы» көшесіне;
 - Строительная көшесі – «Бауыржан Момышұлы атындағы» көшесіне;
 - Молодежная көшесі – «Қайрат Рысқұлбеков атындағы» көшесіне;
 - Кирова көшесі – «Бөгенбай батыр атындағы» көшесіне;
 - Зеленый клин көшесі – «Орманшылар» көшесіне;
 - Пограничная көшесі – «Шекарашылар» көшесіне;
 - Садовая көшесі – «Қаныш Сәтпаев атындағы» көшесіне;
 - Заставская көшесі – «Бақанас» көшесіне өзгертілсін.
2. Енбек ауылындағы атауы жоқ көшелерге мынадай атаулар берілсін:
 - № 1 көшеге – «Баламер Сахариева атындағы» атауы;
 - № 2 көшеге – «Садық Түкебаева атындағы» атауы;
 - № 3 көшеге – «Таңба» атауы.
3. Аршаты ауылындағы атауы жоқ көшелерге мынадай атаулар берілсін:
 - № 1 көшеге - «Күншығыс» атауы;
 - № 2 көшеге - «Бұқтырма» атауы;
 - № 3 көшеге - «Мектеп» атауы.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау бас маман А. Ахметоваға жүктелсін.
5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қ о л д а н ы с қ а

е н г і з і л е д і .

Ауылдық округ әкімі

Е. Көбешев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК